

4 – дәріс

## Телесұхбат алдындағы шығармашылық ізденіс

Эфирге шыққан әрбір журналист өзінің кәсіби қызметі аясында сөз бостандығын иеленетінін саналы түрде түсінуі керек. Соған сәйкес мінбердегі өзіне берілген мүмкіндікті пайдалануы тиіс. Ол үшін тележурналист мына төмендегі мәселелерді білуге міндетті:

1. Журналистиканың жалпы алғандағы құқықтық негіздерін;
2. Тележурналистиканың қоғамдағы орны мен ролін;
3. Тележурналистиканың артықшылықтары мен ерекшеліктерін;
4. Қазақстан Республикасының «БАҚ туралы» және «Тіл туралы» заңдарын;
5. Журналистік туынды әзірлеуде тілдің барлық мүмкіндіктерін белсенді түрде пайдалану арқылы өз ойын стилистикалық тұрғыда дұрыс жеткізе білу жолдарын.

Келесі кезекте мынадай мәселелерді басшылыққа алуы – шарт:

1. Кәсіби шеберлікті таныту;
2. Шығармашылық еркіндікті пайдалану;
3. Жауапкершілік шеңберінен аспау;
4. Заң аясына бағыну;
5. Құқық негіздеріне сүйену;
6. Ұлттық мүддені ұстану.

